



Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бюджеттік ұйымдарға (мекемелерге) құқықтық мәселелер бойынша консультациялық қызмет көрсету үшін жеке және заңды тұлғаларды тарту тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 4 маусым N 923. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1998.01.21. N 26 қаулысымен. ~P980026

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бюджеттік ұйымдарға (мекемелерге) құқықтық мәселелер бойынша консультациялық қызмет көрсету үшін жеке және заңды тұлғаларды тарту тәжірибесін тәртіпке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бюджеттік ұйымдарға (мекемелерге) құқықтық мәселелер бойынша консультациялық қызмет беру үшін, егер мұндай қызмет көрсетуге бюджет қаражатынан төленсе және оның құны 10 (он) мың АҚШ долларына баламды сомадан асып кеткен жағдайда жеке және заңды тұлғалар конкурстық негізде тартылады деп белгіленсін. Конкурс жеңімпазы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құқықтық мәселелер бойынша консультациялық қызмет көрсеткеніне Қазақстан Республикасының Үкіметі мен бюджеттік

ұйымдарымен (мекемелерімен) шарт (келісім-шарттар) жасау құқығын алады.

2. Құқықтық мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың консультациялық қызмет көрсетуіне конкурстар өткізудің тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілейді деп айқындасын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

